

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 ақпандағы № 203 және 2003 жылғы 5 желтоқсандағы № 1238 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 қаңтардағы № 46 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 тамыздағы № 621 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.08.2015 № 621 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) «Қазақстан Республикасында жерүсті телерадио хабарларын тарату құқығын алуға конкурстар өткізу жөніндегі комиссияны құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 ақпандағы № 203 қаулысында ( Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., № 6, 52-құжат):

тақырыбындағы және 1-тармақтағы «жерүсті телерадио хабарларын тарату құқығын алуға конкурстар өткізу» деген сөздер «телерадио хабарларын таратуды дамыту мәселелері» деген сөздермен ауыстырылсын;

Қазақстан Республикасындағы телерадио хабарларын таратуды дамыту мәселелері жөніндегі комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Айсина Майра - Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Арапқызы депутаты (келісім бойынша),

Смайыл Алдан - Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Зейноллаұлы депутаты (келісім бойынша),

Бұлдыбаев Аянжан - «Телекоммуникация саласындағы техникалық Шүлембайұлы сүйемелдеу және талдау орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны директорының орынбасары (келісім бойынша);

2) «Қазақстан Республикасында жерүсті телерадио хабарларын тарату құқығын алуға конкурстар өткізу жөніндегі комиссияның кейбір мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 желтоқсандағы № 1238 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2003 ж., № 46, 508-

қ ұ ж а т ) :

тақырыбындағы және 2-тармақтағы «жерүсті телерадио хабарларын тарату құқығын алуға конкурстар өткізу» деген сөздер «телерадио хабарларын таратуды дамыту мәселелері» деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында жерүсті телерадио хабарларын тарату құқығын алуға конкурстар өткізу жөніндегі комиссия туралы ережеде :

тақырыбындағы және кіріспедегі «жерүсті телерадио хабарларын тарату құқығын алуға конкурстар өткізу» деген сөздер «Телерадио хабарларын таратуды дамыту мәселелері» деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақтағы «Жерүсті телерадио хабарларын тарату құқығын алуға конкурстар өткізу» деген сөздер «Телерадио хабарларын таратуды дамыту мәселелері» деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақ мынадай мазмұндағы 4-1) және 4-2) тармақшалармен толықтырылсын :

«4-1) телерадио хабарларын тарату ұйымдарының меншік нысандарына карамастан, жерсеріктік хабар тарату жүйелері арқылы таратылатын отандық телевизия және радио бағдарламаларының тізбесін қалыптастыру жөніндегі конкурсқа қатысуға үміткерлердің өтінімдерін қарау;

4-2) телерадио хабарларын тарату ұйымдарының меншік нысандарына карамастан, жерсеріктік хабар тарату жүйелері арқылы таратылатын отандық телевизия және радио бағдарламаларын тізбесін қалыптастыру жөнінде ұсынғыстар әзірлеу;» .

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

*Қазақстан Республикасының*

*К. Мәсімов*